

Хаттама №10

Ақсуат ауылы .

Аудан әкімінің мәжіліс залын.

20 қазан .Сағат 3-00

Ақсуат аудандық қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы болып өтті. Кеңеске 11 мүшенің 10-ы қатынасты. Себепті қатынаспағаны –1.

Қоғамдық кеңеске күн тәртібіне байланысты шақырумен аудан әкімінің орынбасарлары Қ.Мауадинов, аудандық және ауылдардағы почта байланыс мекемесінің басшылары,почта мекемесінің қызметкерлері,аудандық ветеринария бөлімінің басшылығы,аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Ғ. Атыханов және сараптама жасауға қатынасқан қызметкерлер қатынасты.

Күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралды:

1.Ақсуат аудандық почта байланыс мекемесінің басшысы Р.Т.Жанарбековтың халыққа почта байланыс қызметін жасауда атқарып отырған жұмыстарынан есебі.(ХабарламашыР.Т.Жанарбеков) Қосымша хабарламашы Қоғамдық кеңес мүшесі С.Жәлелбеков.

2. Аудан көлемінде жүргізіліп жатқан малдәрігерлік -эпизотиялық жұмыстардың жүргізілу барысы туралы.(Хабарламашы аудандық малдәрігерлік мекемесінің басшысы С.Р.Қонысбаев).Қосымша хабарламашы Р.Әлімбаев.

3.Ақсуат ауданы әкімі ішкі саясат ,мәдениет ,тілдерді дамыту және спорт бөлімінің қоғамдық пікірді зерделеудегі,оны жинақтап жүзеге асырудағы, қоғамдық саяси ахуалды тұрғындарға жеткізуде атқарып отырған жұмыстары туралы хабарламасы. (Хабарламашы ішкі саясат бөлімінің басшысы Ғ.Атыханов) Қосымша хабарламашы қоғамдық кеңес мүшесі А.Бұлантаев.

4.Қосымша ағымдағы мәселелер.

1- Тыңдалым

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша почта мекемесінің басшысы Р.Т.Жанарбеков хабарлама жасады.Қосымша хабарламаны қоғамдық кеңес мүшесі С.Жәлелбеков жасады.

Сұрақтар

1.Е.Жұмаханов –Қоғамдық кеңес төрағасы. Халыққа газет ,хат хабар тарату төмендеп кетті,почтальон жоқ деген сылтау айтасыздар осы мәселені өз тараптарыңыз арқылы шешу үшін қандай әрекет жасап отырсыздар?

2.Ғ. Атыханов –Ішкі саясат бөлімінің бастығы.Біз баспасөздің таралуы жөнінде көп таяқ жейміз,ауданда 2,5 мың газет таралуы керек,осы уақытында жетпейді.Газет айына бір рет қана келеді,біз баспасөзге жазылындар деп халықты үгіттейміз,оны уақытында алып оқымаса одан пайда не,келешекте қалай шешпексіздер?

3.Б. Боранжанов –Ырғызабай ауылдық округінің әкімі. Почта байланыс мекемесінің ғимаратына күрделі ремонт керек,осыған қалай көмек бересіздер?

4. А. Бұлантаев – Қоғамдық кеңес мүшесі. Неше бос жұмыс орыны бар?

Жарыс сөз.

Е. Жұмаханов – Жалпы почта мекемесінің қазіргі таңдағы жұмысы сын көтермейді. Халықтың арасында мекеме жұмысына наразылық көп. Газет уақытында тарамайды,сылтау почтальонның жұмысы ауыр ешкім келгісі келмейді. Ақша беретін жәшік жиі бұзылады,оғанда наразылық көп. Сонда мекеме басшысы жоқ деп қана отыра беру керек пе,әрекет жасау керек қой Енді Семейге қарағалы жатсаңыздар осы мәселені дұрыстап қолға алу керек,болмаса біз жоғарыға шығып мәселе көтеретін боламыз.

2.Е. Тоқтабаев- Мен Ойшілік және Құмкөл ауылдарының почта мекемесінің жұмысын тексердім.Ойшіліктегі почта ғимараты клуб үйінде тар жерде орналасқан ,ал Құмкөлде мүлде жағдай жасалмаған,компьютер жоқ,терминаль қойылса деген де ұсынысым бар. Жалпы почта қызметкерлері жанталасып почталарын таратып,зейнетақыларын уақытында таратып отырады,келешекте осы мекеменің жабылып қалмауын ойластыру керек.

Қосымша Бахтияр Ибраев,А.Бұлантаевтар осы пікірлергу қосылатынын жеткізді. Күн тәртібіндегі мәсле бойынша төмендегідей қарар қабылданды.

Ақсуат почта байланыс мекемесінің жұмысындағы кемшіліктер атап көрсетілсін. Келешекте **Абай облысына қосылу аяқталғаннан кейін бұл мәселелер қайта қаралып облыстық мекемеге жазбаша жеткізілсін.**

2- Тыңдалым

Күн тәртібіндегі 2- мәселе бойынша малдәрігерлік мекеменің башысы С.Р. Қонысбаев хабарлама жасады. Қосымша хабарламаны аудандық малдәрігерлік қадағалау бөлімінің инспекторы Р.Әлімбаев жасады.

Сұрақтар

Е. Жұмаханов- Малға анықтама қалай беріледі,тіркеудегі малдарға бересіздер ме? Қай ауылдарда кадр тапшылығы бар?Барлығы көлікпен қамтамасыз етілген бе?

А.Бұлантаев –Солтүстік облыстарда «сібір жарасы» ауруы шығып жатыр.Бесқарағайдан да шықты деген қауесет бар. Бізде осыған байланысты қандай жұмыстар бар?

Г.Төлеубаева –әкімшілік қызметкері. Мал дәрігерлері ауыл әкімінің ауыл шаруашылық маманымен неге бірге жұмыс жасамайды?

С.Серіков – Малдың өлексесін жинау мәселесі қалай шешіліп жатыр,қаңғыбас иттермен не жұмыс жасап жатырсыздар?

Т.Тоқтабаев- Ауылдардағы мал қорымдарын кім салып жатыр?

С. Жәлелбеков- Аналық мал туғаннан кейін қанша уақыттан кейін қан алыну керек?

Жарыс сөз.

С. Жәлелбеков – Жалпы биыл жеке меншік мал өте көп өлді,оған себеп қатаң мал азығының жетіспеушілігі,далада шөптің жоқтығынан болды. Сол малдардың өлексесін жинау биыл өте қиын болды.Ауыл әкімінің өзі малды тракторге қолмен тиеді,ойлаңыздар әбден бұзылып кеткен өлексені қолмен ұстаудың қандай қиын екенін,арнайы техника жоқ. Келешекте ауыл әкімдеріне өздеріне тікелей жеке көлік тиейтін құралы бар берілсе деген ұсынысым бар. Қаңғыбас ит деген көп,оған тағы албаты тисуге болмайды, ауыл әкімі тұрғындармен бұл мәселені қолға алу керек,тіпті иттің иелеріне ескертіп болмаса өздеріне шара қолдану керек.

Т.Тоқтабаев- Мал қорымдары салынып жатыр екен бұл барлық ауылдарға салынса дер едім,аурудың бәрі осыдан тарайды.Бруцеллез ауруы неге тиылмай отыр,мал дәрігерлері осы аурумен қатаң жұмыс жасау керек қой,бұл адамдарға да өте қауіпті екенін жақсы білесіздер. Енді сіздер де облысқа қарап жатсаңыздар бұл да жұмысқа үлкен бөгет болады екен.

Екінші мәселе бойынша да қарар қабылданды.

Жарыс сөздерде , сұрақтарда айтылған ұсыныстар ескерілсін.

3 – Тыңдалым

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөлім басшысы **Ғ.Ж. Атыханов** хабарлама жасады.

Сұрақтар

Е. Жұмаханов- Сіз қалай ойлайсыз,не себепті әкімдер халықпен тоқсан сайын кездесу өткізіп отыруы керек?

А. Бұлантаев-Сіз мына үш бөлімнің бір жерге шоғырлануы өте тиімсіз,қызметкерлерге өте ауыр екенін ескеріп ,ішкі саясатты бөлу туралы мәселе көтердіңіз бе?

Жарыс сөз

А.Бұлантаев- Мен жаңағы сұрақты бекер қойып отырған жоқпын,себебі төрт бөлімнің бір жерде шоғырлануы жұмыс жасауға үлкен қиындық туғызып отыр. Айналдырған 5 адам төрт бөлімнен паток, паток тапсырма келеді,оның бәріне жауап беріп үлгеру өте қиын,уақытында жауап бере алмайды,кешігеді,содан барып сөз естиміз.Облыс біздің жағдайымызды

түсінбейді. Менің ұсынысым ішкі саясат өзі үлкен бөлім , жұмысы ауқымды, сол себепті сіздерден сұрайтыным ішкі саясат жеке бөлінсе деймін.

А. Мадрахимов-Аудандық жастар ресурстар орталығының басшысы. Жастар орталығында 5 маман ғана жұмыс істейміз, жұмыс көп, бізде бірақ компьютер, дронь, фотоаппарат, бейне камера деген құралдар жеке меншіктікі , көлік жоқ, өз машиналарымызбен жүреміз. Осы мәселеге аудандық қоғамдық кеңестің ықпалы болса деп ойлаймын. Жастарымыздың жетістіктері өте көп жұмыс бар , осыны әлі де жандандыру үшін қолдау өте қажет.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кешіліктер аталып көрсетіліп, қарар қабылданды.

Күн тәртібіндегі 4 мәселе бойынша тыңдалым.

Аудан әкімі аппаратының басшысы Т.С. Көнекбаевтан келген

№372, № 373, Ақсуат аудандық сәулет құрлыс, тұрғын үй, шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы С.С. Смағұловтан келген № 227, № 667 Ау Аудан әкімшілігінен келген № 537, Аудандық жер қатынастар бөлімінен келген №132 хаттың негізінде берілген қаулыларға келісім беру туралы.

Қоғамдық кеңес төрағасы

Қоғамдық кеңес хатшысы



Е. Жұмаханов

А. Иманғалиева